

8D020300 –Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Стамшалов Еркін Иманғазыұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» деп аталатын диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	Стамшалов Еркін Иманғазыұлының 8D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» деп аталатын диссертациялық жұмыс мемлекет бағдарламаның аясында орындалған, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы) мақсаты мен міндеттеріне; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының) мақсаттарына толықтай сәйкес келеді. Е.И. Стамшаловтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.

2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс XX ғасырдың 1-жартысындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық тарихына арналған. Диссертанттың босқыншылықты жеке қарастырып, кеңестік саясаттың қырларының оның пайда болуына әсерін жүйелі қарастыратыны ұтымды болған. Кеңестік тонаушылық саясаттан, аштықтан аман қалу үшін шекара асқан босқындар барған Батыс Қытай, Қырғызстан және басқа Орталық Азия республикаларындағы жағдайы, кеңестік билік пен қабылдаушы елдер өкімет орындарының босқындарға қатысты саясаты осы зерттеуге дейін жеке қарастырылған емес. Диссертацияның зертту тақырыбы мол дерек көздерімен жүйеленіп баяндалған, зерттеудің алдына қойған мақатары, одан шығатын міндеттер толық орындалған. Осы тұрғыда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық баяндау желісі жүйелі, жасалған ғылыми тұжырымдары негізді. Сонымен қатар тақырыптың мән-маңызы толық ашылған, зерттеудің қолданбалық нәтижелері өзекті. Ғылыми жұмыс тұжырымдары бұрын-соңды жарияланбаған. 2.1 Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылып отырған диссертацияны Стамшалов Еркін Иманғазыұлы өзі жазған және жазылуы деңгейі жоғары. Ол Қазақстанның, Ресейдің, Қырғызстанның архивтерінде жүйелі зерттеу жүргізіп, ауқымды жаңа дереккөздерді ғылыми айналымға қосқан. Зерттеудің ұтымды тұстарының бірі бұған дейін назар аударылмай келген аудандық архив қорларының мол деректерінің пайдаланылуы болған. Атап айтқанда Панфилов, Кеген, Еңбекшіқазақ аудандық архивтеріне маңызды деректер ғылыми айналымға енгізілген. Зерттеу жұмысында берілген тарихи деректер жүйелі, тақырыпқа қатысты ғылыми түсініктер мен ұғымдарға талдау жасалып, қорытындылар белгілі үйлесімділікке сәйкес тұжырымдалған, әрбір зерттеу міндеттерінің жүзеге асырылуы барысында тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасалған.

			3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясаты және оған қарсы халық көтерілістері, күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру саясатына наразылық тарихына қатысты зерттеулер болғанымен, босқыншылықты тарихи құбылыс ретінде, босқындарды әлеуметтік топ ретінде айрықша қарастырған зерттеу отандық тарихнамала болмағанын айту керек. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірі шекаралық аудандар саналып, жаңа орнаған кеңестік жүйенің тынышсыз аумағына жатты. Жетісу, Шығыс Қазақстан аумақтары шекаралық аудандар тұрғындарының босқыншылығын өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының күйзелісі, кеңестік шаруашылық-саяси науқандардың тонаушылық сипатымен байланыстыра зерделеу тақырыбы өзектілігімен ерекшеленеді. Тарихнамалық талдау барысында таңдалған тақырыптың өзектілігі айқындалған. Кеңестік биліктің босқындарға қатысты саясаты өзгеріп тұрғаны, 1918-1926 жылдарда ресми құжаттарда «босқын» деп аталған кетушілер тобы 1926-1936 жылдар аралығында саяси конъюнктура әсерінен «ауа көшуші» деген түрленген атау берілуінің эволюциясын тарихи талдау өзекті. 4.1.1 Жұмыстың өзектілігі негізделген.

	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жалпы диссертациялық жұмыс: Белгілеулер мен қысқартулар, Кіріспеден, әрқайсысы 10 тараушадан құралған 3 тараудан, Қортындыдан және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімі мен Қосымшадан тұрады. Жұмыстың негізгі бөлімін құрайтын 2-тарау 4 тараушаға бөлінген. Диссертацияның құрылымы, мәтінін мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер қисынды. Диссертацияның тараушалары логика тұрғысынан бір-бірімен сабақтасады. Диссертация құрылымдық бөліктері бойынша жасалған қортындылар дәлелді әрі негізді. 4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Ал, барлық зерттеу міндеттері оның мақсатының жүзеге асырылу қадамдары ретінде көрініс береді. Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер бір-бірімен байланысты. Өйткені әрбір қойылған міндет диссертациялық зерттеудегі нақты жеке аспектісін ашады. Е. И. Стамишлов диссертациялық жұмысты орындау барысында қажетті дереккөздерге жан-жақты талдау жасап, олардың әрқайсысы бойынша сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдардың жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейтін деректермен жұмыс жасаған. Ғылыми зерттеу жұмысының деректері Қазақстан, Қырғызстан, РФ-ның жалпы саны 13 архивінен жинақталған. Жұмыстың мақсат мен міндеттерін ашатын дереккөздерге сыни талдау жасалып, басқа мағлұматтармен салыстыра зерделеу жүзеге асырылған. 4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы ойласытырып құрылып, логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертацияның тараулары мен онда қамтылған бөлімдерінің арасында логикалық

		2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	байланыс сақталған, яғни олардың кейінгісі бастапқысының логикалық жалғасы болып табылады. Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла отырып бағаланған, яғни авторлық сыни талдау жүзеге асырылған. Мұның барлығы ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнында толық камтылған. 4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмысты орындау барысында қажетті дереккөздерге жан-жақты талдау жасалып, олардың әрқайсысы бойынша сілтеменің және сәйкесінше белгілі бір тұжырымдардың жасалуы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеу бойынша таңдап алынған әдістер өзара байланыста, әрі үйлесімді пайдалынған. Диссертация жұмысының нәтижелері негізгі әдебиеттер мен дереккөздерге және тікелей жүйелі талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Жұмыс бойынша жасалған теориялық түйіндер, анықталған өзара байланыстағы заңдылықтар зерттеулер арқылы дәлелденген және расталған. Диссертациялық жұмыс бойынша жасалынған маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен, дерек көздерімен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдебиетті шөлып, талдау жасауға жеткілікті. 4.5.1 Зерттеу жұмысында өзге авторлар тұжырымдары талданған, өзіндік сыни талдауға орын берілген.
5	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалардың барлығы жаңа. - Зерттеу барысында алынған бірінші нәтиже жаңа. Жұмыста ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет қарастырылып отырған Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың кенес билігі орнағаннан кейінгі бірінші толқыны 1918-1919

		жылдардағы большевиктік жазалау әрекеттерінен туғаны айқындалды. Большевиктік репрессия мен азаматтық қарсы тұру шайқастары шарпыған Жетісуда Мураев, Мамонтов отрядтарының қатыгездігі туғызған босқыншылықты тоқтатып, шегара асқан босқындарды қайтаруға бағытталған Жетісудағы алғашқы кеңестік алғашқы арнайы комиссия Синозияныға барып, қоныс аударушылар бұрынғы қоныстарына қайта орала бастағаны анықталды. - Екінші нәтиже жаңа. Бұл нәтиже осы зерттеу барысында алынған бірінші нәтиженің логикалық жалғасы болып табылады. 1918-1920 жылдарда большевиктік билік қысымы салдарынан Қытайға кеткен босқындардың белгілі бір бөлігі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін Қытайға кетіп, қайта оралған топтар екені анықталды. - Үшінші нәтиженің жаналығы – Жетісу құрамына кірген Түркістан Республикасы ОАК-нің өңірдегі ауыр әлеуметтік-саяси ахуалды оңалту мақсатында құрған босқындар жөніндегі ерекше комиссиясы мен оның бөлімдерінің, сонымен қатар осыдан кейін құрылған КСРО БОАК жанынан құрылған ерекше комиссиясының босқындар мәселесімен айналысуы қызметі отандық тарихнамада алғаш рет қарастырылды. Бұл нәтиже осы зерттеу барысында алынған екінші нәтижемен сабақтас, оның логикалық жалғасы болып табылады. Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тудырған босқыншылық проблемасын шешу мақсатында кеңестік билік құрған ерекше комиссия түріндегі жаңа құрылымдардың бөлімшелері мұсылман босқындардың, оның ішінде казактардың Жетісуда және іргелес өңірлерге қайтарылуын ұйымдастырып, жүзеге асыру тетіктері сараланған. Босқындар жөніндегі ерекше комиссия қызметін сипаттайтын бұған дейін ғылыми айналымға енген жергілікті архив қорларынан алынған тың деректер жан-жақты талданды. Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы атқару комитеті, үкіметі жанынан
--	--	---

			құрылған, бұдан кейін КСРО орталық атқару комитеті құрған ерекше комиссиялардың Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға кеткен босқындарды қайтару және орналастыру проблемасын шешуге әсері, құлдыққа сатылып кеткен қазақ босқындарды қайтару бойынша жүзеге асырылған қаржылық операциялар талданған. Босқындар бастан кешірген әлеуметтік кіріптарлықтан туған бас еркін айрылу көріністері архив деректері, естеліктер, ғылыми пайымдаулар арқылы сараланған. Диссертациялық зерттеудің төртінші нәтижесі де жаңа. Мұнда Ресей мен Қытай шекара қызметтерінің босқындарға қатысты ұстанымы тың архив құжаттары негізінде арнайы талданып, босқындар жөніндегі Ерекше комиссия құзыреті әскери-шекаралық құрылымдар тарапынан мойындалмағаны анықталды. Орталық кеңестік билік тармақтарына бағынатын шекараға жауапты әскери бөлімдердің босқындарға қатысты өзіндік қатаң ұстанымы болғаны, шекара қызметінің босқындарды қайтару бойынша азаматтық билік құрылымдарына жәрдемдеспей, керісінше, өзара қайшылықта әрекет еткені нақты деректер негізінде сараланған. Мұндай ұстанымның қазақ босқындарының эвакуациясына кері әсері, босқындар жағдайын ауырлатқаны деректермен негізделген. Зерттеудің бесінші нәтижесі де жаңа. XX ғасырдың 20-жылдарының аяғы, 30-жылдарының басында Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағында орын алған босқындардың өздері топтасқан және Қытайдағы туыстары жіберген қарулы топтардың көмегімен шекарадан өту тарихы тарихы алғаш рет жүйеленіп зерттеліп, осы тарихи құбылысты бейнелейтін «қарулы босқыншылық» түсінігі енгізілген. БМСБ ақпараттарында «қарулы ауа көшушілік» түрінде сипатталған қарулы босқыншылықты кеңестік шаруашылық-саяси науқандарға қарсы халық көтерілістеріне қатысып, жеңіліс тапқан соң бой тасалаған топтар ғана емес, кеңестік саясатқа қарсылығын қарулы топтар көмегімен шекара бұзып өту арқылы көрсеткен топтар да
--	--	--	---

			құрағаны бұрын құпия болып келген құжаттар негізінде ара жігі ажыратылып, сараланған. Диссертант ұсынған бесінші жаңалық ретінде Қытайға барған қазақ босқындарының әлеуметтік-құқықтық жағдайы, Синозияны білігінің қоныс аударушыларға қатысты саясаты тың деректер негізінде талданған. Әлсіз орталық Қытай білігінен біршама дербестігін сақтаған Синозия үкіметі шекара күзетіне жалдаған шеріктер мен қалмақ сұмындарының (аудандарының) әскери топтары тонауына ұшыраған қазақ босқындары қабылдаушы ел аумағында толық қорғаныссыздың күйін кешкені, кеңестік биліктің талабымен белгілі бір мөлшердегі босқындар қосындары шеарадан кері өткізіліп берілгені сараланған. Жергілікті қарулы топтардың қысымынан қорғану үшін босқындар арнайы әскери топтарға бірігуге мәжбүр болғаны дәлелденген. БМСБ құрылымдарына КСРО партия билігі тарапынан босқыншылықтың себебін таптық тұрғыда жаулар мен империалистік елдер арандатуынан іздеу туралы тапырыс болғаны туралы бұрынғы құпия деректер негізінде талдаулар жасалған. Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады. 5.1.1 Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	Алынған қорытындылардың негізділігі айқын. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ұсынылған қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады. 5.2.1 Толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуші диссертацияда келтірілген әрбір тұжырымдарын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады. Ережелерге сәйкес бірінші алынған тұжырым: Кеңестік дәуірідегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен Қытайға босқыншылықтың бірінші кезеңі 1918-1919 жылдарды қамтитыны нақтыланды. Осы кезеңде большевиктік зорлық пен азамат соғысы шарпыған Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы босқыншылықты тоқтатып, қоныс аударушыларды бұрынғы мекендеріне қайтару бойынша кеңес билігінің алғашқы әрекеттері басталғаны сараланды. Зерттеуде осы тақырыппен байланысты зерттеулерді, ғылыми айналымға қосылған тың деректерді талдау нәтижесінде босқыншылықтың тууына әсер еткен себептердің бірі – жаңа орнаған большевиктік биліктің қысымы екені айқындалды. Большевиктер жүргізген репрессия мен азамат соғысы шарпыған Жетісуда босқыншылықты тоқтатып, шегара асқан босқындарды қайтаруға бағытталған кеңестік алғашқы арнайы комиссия Жетісу революциялық комитетінің Жаркент бөлімінде құрылғаны, комиссия өкілдерінің Сынцзянға барып, босқындарды қайтару бағытында келіссөздер жүргізгені, қоныс аударушылар ішінара бұрынғы

	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	қоныстарына қайта орала бастағаны жан-жақты жүйеленіп, жан-жақты талданып, нақты деректермен сипатталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Екінші тұжырым: Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан және 1918 жылдардағы қызыл партизандар, отаршыл пиғылдағы орыс қоныс аударушылары қысымнан қашып Батыс Қытайды паналаған босқындардың ондағы мүшкіл хәлі сараланды. Босқындардың тарихи Отанына оралу талпыныстары Синьцзян және Кеңестік Россия шекара қызметтерінің кедергісіне ұшырап отырғаны талданды. Диссертант XX ғасырдың 1-шірігіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылық тарихына қатысты еңбектерді жүйелеп, тарихнамалық талдау жасап, тек Қазақстанның ғана емес, басқа да елдердегі мысалы Ресейдегі, Қырғызстандағы архивтерден алынған бұрын ғылыми айналымға түспеген құжаттарды зерделеп, тақырып бойынша тың көзқарастар мен пайымдауларды саралап, жүйелі зерттеу жүргізгені көрініп тұр. Тақырыпты зерттеуде жан-жақты тарихи талдауға мүмкіндік берген дерек көздер ретінде отандық және ресейлік архив қорларынан, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Президент Архиві (КРПА), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (КРОМА), Алматы облыстық мемлекеттік архиві, Жетісу облыстық мемлекеттік архиві, Түркістан облыстық мемлекеттік архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӨСТА), Ресей мемлекеттік әскери архиві (РМӨА), Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві (РМКЗТА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), Панфилов, Кеген, Еңбекшіқазақ аудандық архивтері т.б. қолданылған; 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес
--	--	--

		7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Жасалған үшінші тұжырым да жаңа болып табылады. Тұжырымда азамат соғысы аяқталған соң Синодтан мен Кеңестік Түркістан үкіметтері екі тараптың демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер еткен босқындар мәселесін түпкілікті шешуге мүдделі болып, 1920 жылы «Іле келісіміне» қол қоюының тарихи жағдайы сараланды. Келісімде босқындардың Кеңестік Ресейге қайтарылуы көрсетілді. Түркістан АКСР ОАК жанынан құрылған босқындар жөніндегі Ерекше комиссияның бөлімдері Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқындарды қайтару және бұрынғы мекендерінде орналастыру бағытында елеулі қызмет атқарғаны дәлелденді. Батыс Қытайдан қазақ босқындарының реэвакуациясының 1924–1926 жылдардағы кезекті толқыны КСРО аумағындағы еңбек иммиграциясы, реэмиграция мәселелерін «түпкілікті шешу» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, Түркістан АКСР-і үкімет органдары тарапынан жүргізіліп келген босқындарды қайтару және бұрынғы мекендеріне орналастыруға қатысты шараларды қардандыру тоқтаған соң, тығырыққа тірелгені құжаттар негізінде дәлелденді. Босқындарды Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағына Қытайдан қайтарумен айналысқан РКФСР БОАК жанынан құрылған жерге орналастыру жөніндегі М. Серафимов басқарған Ерекше комиссия қызметінің басталуы, жүргізілуі және тоқтатылуы, босқындарды қайтару бойынша жұмыстар құзыреті Қазақ АКСР жер халқына берілуі отандық тарихнамада бірінші рет жүйелі деректер негізінде дәйекті сараланды. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә
--	--	---

		Төртінші тұжырым толығымен жаңа. Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ірі байларды тәркілеу науқаны барысында халықтың Қытайға босуы жиілегені нақты деректермен жүйеленді. Шаруа қожалықтарының Қытайға босқыншылығына кедергі жасау мақсатында Қазақ АКСР үкіметі оңтүстік-шығыс аймақтағы шекара маңындағы бірқатар елді мекендерді ірі байларды тәркілеу туралы декреттің құзырынан шығарғаны сарапталды. Зерттеу нәтижелері негізінде босқындарды тоқтатқан кеңестік билік шекара маңында қолға түскен мал-мүлікті контрабанда есебінде тәркілеп, «Қосшы» одағы арқылы кедейлерге таратқаны талданды. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағында Қытайға өту мақсатында шекараға таяу көшіп келіп, қоныстанған сібірлік кулактар мәселесі айқындалды. Астық дайындау, мал алымы, дінге қарсы шабуыл сияқты шаруашылық-саяси науқандардың да босқыншылықтың үдеуіне әсер еткені сарапталып, дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә Бесінші тұжырымда 1920-жылдардың аяғында Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аз мөлшерде басталған халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа ұласып, аз мөлшерде малын айдап, сауда-саттық мақсатында шекара асып жататын қалыпты шаруалар көшіп тұтас ауылдардың үдере көшуі, ұйымдастырған қарулы босқыншылық пайда болғаны сараланды. Қарулы отрядтар көмегімен шекарадан көшіп өтіп жатқан босқындар қатарында Кеңес өкіметінің тірегі болған партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болғаны, шекаралық аудандардағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындарды асқан қатыгездікпен тонауы сипатталды. Қарулы босқыншылық құбылысы халықтың
--	--	--

		кеңестік ауыл шаруашылығын қайта құру саясатына қарсы күрес формасы ретінде қарастырылып, негізделген. БМСБ-ның жергілікті бөлімі босқыншылықты ұйымдастырған «Қытайлық орталықты» әшкерелеу туралы саяси тапсырыс алғаны, алайда, қауіпсіздік құрылымдары ішкі құжаттарда босқыншылықтың жалпылық сипат алуына кеңес-партия органдарының асыра сілтеу саясаты себеп болғанын мойындауға мәжбүр болғаны сипатталған. Шекаралық аудандардағы коммунистік отрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаруланған босқындар топтарын талқандап, олардың мал-мүлкін тонап, ұйымдастырушыларын жазалап, өздерін тұрғылықты мекендеріне қайтарғаны деректер негізінде, айрықша маңыздысы, бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, жабық болып келген ҚР ИМ, ҚР ҰҚК архивтері деректері негізінде сипатталған. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә Алтыншы және жетінші тұжырым толығымен жаңа. Алтыншы тұжырымға сәйкес Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінен Қытайға кеткен босқындар шекара маңындағы қалмақ әскери топтарының тонауына ұшырағаны, сонымен қатар Қытайдың Синцзяндағы жергілікті билігі тарапынан құқықтық кемсітушілік көріп, жергілікті тұрғындардың қысымына ұшырап, босқындар қорғану мақсатында қарулы топтар құруға мәжбүр болғаны сараланды. Қытайдағы қазақ босқындары мен олардың жетекшілерінің іс-әрекеті БМСБ тыңшылық қызметінің бақылауында болғаны деректер негізінде дәлелденді. Тұжырымның дәлелденуіне Ресей мемлекеттік әскери архивінің (РМӨА) құпиясыздандырылған қорлары деректері, Жетісу облыстық архиві Панфилов филиалы архивінің құнды деректері пайдаланылған. Жетінші тұжырым бойынша Қазақстандағы кеңестік
--	--	--

			биліктің Қырғызстанға кеткен босқындарды қайтарудағы енжарлығы демографиялық апатқа әкеліп соқтырғаны құжаттар негізінде зерделенді. Қырғызстандағы қазақ босқындарына жергілікті үкімет тарапынан көрсетілген қысым Қырғыз АКСР ХҚК төрағасы Ж. Әбдірахмановтың араласуымен саябырсығаны Қырғыз Республикасының ОМА және ҚР ҚСҚА деректерімен дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә Сегізінші, тоғызыншы және оныншы тұжырымдар да жаңа. Сегізінші тұжырым ауыл шаруашылығын қайта құрудағы күштеу шаралары салдарынан Оңтүстік-шығыс Қазақстанның тұрғындары Кеңес Одағының басқа аймақтарына да босып кеткені нақты құжаттармен дәлелденген. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде босқыншылық салдарынан мал басы кеміп, азық-түлік тапшылығы үдей түскені, көптеген аудандарда шаруашылықтар дағдарысқа ұшырап, аштық салдарынан өлім-жітім жиілегені сараланған. Тоғызыншы тұжырым Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі жаппай босқыншылық панасыз балалардың көбеюіне алып келгені, олар үшін өңірде азық-түлік, материалдық жағынан жұтаң жабдықталған балалар үйлері ашылды, осы үйлерде де балалардың аштан өлу фактілері көптеп орын алғаны, босқыншылық туғызған панасыз балалар статистикасы сараланды. Оныншы тұжырым бойынша Қазақстан үкіметі жанынан құрылған комиссия арқылы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықты жою мақсатындағы шаралар жетімсіз болғаны, босқындарды тұрғылықты мекендерінен кеткендері үшін жазалау шаралары толастамағаны деректермен негізделді. Босқындарды Орта Азия республикаларынан және Қытайдан елге қайтару және орналастыру шаралары жүйесіз
--	--	--	---

			түрде, отырықшыландыру және шаруашылықтың жекелеген салаларын жұмыс күшімен қамтамасыз ету міндетімен қабат жүргізілгені дәлелденді. 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Қағидаттар жана 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә 7.5. Иә
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің методологиялық негізі ретінде әлем-жүйелік теория алдынды, бұл теория қазақ қоғамындағы зерттеліп отырған кезеңдегі апаттар мен ауыр трагедияның себептерін Кеңес Одағындағы коммунистік эксперименттің ішкі қайшылықтарынан іздеуге жол ашты. Құрылымдық функционализм теориясы босқындар топтарының Сиңцзян аумағындағы жергілікті қоғам үшін дисфункциялық элемент болғаны, мұның өзі жергілікті билік институттарын проблеманы шешуді жеделдетуге итермелегенін саралауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар босқындардың әртүрлі топтарының бейнесін сараптау үшін әлеуметтік тарихтың зерттеу әдістері пайдаланылды. Дескриптивті әдіс босқыншылықтың құбылыс ретінде қалыптасуы мен кезеңделуінің тарихи себептеріне тереңдеуге мүмкіндік берді. Зерттеудің объектісін күрделі жүйенің бір бөлшегі ретінде қарастыратын тарихи-жүйелілік әдісі де қолданылды. 1. Ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалана отырып алынған:	Зерттеу тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған. 2. Жоқ

		1) иә; 2) жоқ 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ғылыми материалдың қажеттілерін іріктеп алу зерттеушіден теориялық білімі, методологиялық ұстанымы мен деректердің жіктелуіне және фактілерді жүйелеуіне шамасы жететін кәсіби біліктілігін талап етеді. Қазіргі заманауи әдістемеле тарихи факті және тарих жағдай көрінісі жеке адамдар мен қауымдастықтардың немесе билік органдары құрылымының бірлескен әлеуметтік әрекетін іске асыру ретінде қарастырылады. Әдістердің мазмұны тұрғысынан қандай болса да логикалық немесе нақты, жеке құрамның басымдықтарына қарамастан - олар әрдайым кешенді, біртұтастық сипатқа ие және жалпылама ортақ бағытталуымен ерекшеленеді. Әр жағдайда - ішкі ұйысуы, ғылыми жетістіктердің жиынтығын зерттеуді жүйелеу аса қажет болып саналады. Бұл теориялық білімнің нақты негізі бар жаңа мәліметтермен шығармашылық синтезі негізінде зерттелген жағдайда ғана мүмкін. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар, зерттеушіден тарихи өлшемдердің тереңдігі мен зерттеу құралдарын және зерттеу нысанын талдау барысында мәнін терең ұғынуды талап ете отырып, сол орындалғанда ғана қолжетімді болады. Осылайша, қазіргі тарихнамалағы ең маңызды әдіснамалық міндеттердің бірі ретінде: тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықтың анықталуын, негізгі тарихнамалық фактілердің іріктелу критерийлерінің нақтылануын, тарихнамалық талдау мен дереккөзі арақатынасын орнатудың, тарихтың объективті үлесін анықтаудың, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы тарихшылар мен олардың еңбектерінің үлесін, сондай-ақ тарихтың даму кезеңдері критерийлерін анықтаудың бағыттарын негіздеу жасалған. 1. Иә Шетелдік және отандық архив деректерін талдау нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі 1918-1936 жылдар аралығындағы босқыншылықтың кезеңдері маңызды деректермен, ғылыми зерттеулермен нақтыланған. Зерттеу бойынша алынған
--	--	--	---

			нәтижеде өңірдегі босқыншылықтың туу себептері, барысы және салдары анықталған. Босқыншылық үдерісі қамтыған әлеуметтік топтардың тарихи жағдайдағы әрекеті әлі күнге ғылыми айналымға енген тың деректер көмегімен негізделген. Босқыншылыққа себеп болған большевиктік саясат, проблеманы шешу үшін құрылған босқындар жөніндегі ерекше комиссиялар қызметі, кенестік жүйеге қарсы тұрудың айрықша формасы – қарулы босқыншылық нақты архив деректерімен расталған. Зерттеу нәтижелері бұрын жарық көрмеген архив деректері, босқындар мен олардың ұрпақтарының естеліктері, мерзімдік баспасөз материалдары, шежіре мазмұнындағы мағлұматтарды үйлесімді қолданып, дәйектелген. Диссертацияның мазмұнында келтірілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, архивтік дерек көздерге сілтемелермен расталған. Зерттеу бойынша пайдаланылған әдебиеттердің аясы кең және тақырыпты барынша жан-жақты алуға мүмкіндік берген. Әдебиеттер тізімі талапқа сай рәсімделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық зерттеуде 377 әдебиет пайдаланылған. Әдебиеттердің көлемі мол, ғылыми зерттеу тақырыбын ашатын сипатта. Әдебиеттер санатында отандық, шетелдік тарихшылар еңбектері, шетелдік және отандық архивтер құжаттары, архив құжаттары мен материалдарының жарияланған жинақтары, естеліктер, мемлекеттік мекемелер құжаттары, БАҚ материалдары, ғылыми макалалар, фотоматериалдар кеңінен пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттері әдеби шолуға толық жеткілікті. 8.5.1 Әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеудің әдіснамалық негізіне қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағидалардың теориялық базасы негізге алынды. Зерттеуде ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру, әлем-жүйелік теория, әлеуметтік тарих, құрылымдық функционализм, дескриптивті әдіс және тағы басқа тәсілдері басшылыққа алынды. Сондай ақ, әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында орын алған өзгерістер негіз ретінде алынған. 9.1.1 бар
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін босқыншылық тарихына қатысты арнайы еңбек жазуға, оқу бағдарламаларын жасауға, оқу құралдарын әзірлеуге, әлеуметтік-саяси тарих бойынша арнайы курстар дайындауға, теориялық-методологиялық зерттеулерде қолдануға болады. 9.2.1 Иә
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. 9.3.1 Иә
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Е.И. Стамшаловтың диссертациялық зерттеуінің жазу және ресімдеу сапасы жоғары және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді. 10.1 жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		Ұсыныс ретінде диссертанттың бұрын 3 жобада орындаушы болғанын ескере отырып, болашақта осы диссертациялық зерттеудің аясында «гранттық ғылыми жоба дайындау дұрыс болар еді. Өрине,

			бұл ұсыныс Е.И.Стамшаловтың диссертациялық жұмысына берілген оң бағаны еш төмендетпейді
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Е.И. Стамшаловтың зерттеу жұмысы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары . Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 16 мақала жариялаған. - ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында - 9, - Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында - 6, - Scopus базасында тіркелген журналда 1 мақаласы сыннан өткен. Диссертация тақырыбына сәйкес мақала материалы Ұжымдық монографияның 1 тарауы ретінде баспадан жарық көрген. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)		Еркін Иманғазыұлы Стамшаловтың «8D020300 – Тарих» мамандығы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» деп аталатын диссертациялық жұмысын ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін, сондықтан (PhD) докторы дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы



РАСТАЙЫН: «Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университеті» КСҚА
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
ЗАВЕРЮ: 04.12.2015 г. Р. А. ЖЕТЕКШІСІ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВЫМИ ПОЛИТИКИ
КОПЫ ПОДПИСЬ: 2